



№9 «Қалтоған» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ✚ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- ✚ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- ✚ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- ✚ Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- ✚ Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- ✓ баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнәпсихологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.
- Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ❖ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;Қазақстан халқы Ассамблеясы
- ❖ Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожас Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 ж

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Ұйымдастыру	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	- Ұлттық мәдениетті дәріптеу; -Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Салтанатты жиын және «Адалдық сағаттары» 1-11 сыныптар	Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» (Жоба: «Еңбегі адал жас өрен»)	қоғам игілі үшін қызмет ету; -- уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып сағаты 1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші
3	«Еңбектің наны тәтті» («Еңбек адал жас ерен» жобасы)	-қоғам игілі үшін қызмет ету; - Адал еңбекті құрметтеу - уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	Сынып сағаты 10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші
4	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	Өзінің, отбасының ,	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының	Директордың тәрбие

	<i>(реализация проекта «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	сыныптың , қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.	5-6 сыныптар	жоспары әлеуметтік желіге жариялау	ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші, педагог-психолог
5	«Сіздің балаңыз жаяу жүргінші» / ата-аналар жиналысы/ ӨӨБ	Өзін, отбасының сыныптың , қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.	Жиналыс 5-9 сыныптар	Хаттама Келісім шарт	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші
6	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» түсіндірме жұмыстары / онкүндік/	-қоғам игілі үшін қызмет ету; - Адал еңбекті құрметтеу - уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	Баяндама слайд	Хаттама , баяндама бейнежазбалар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар Сынып жетекші,
7	«12- қыркүйек Отбасы күні , «Отбасы-бақыт мекені»	-Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу -Отбасының ортасының абыройын асыру; - Өзінің, отбасының , сыныптың , қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.	сынып сағаты отбасылық сайыстар челлендж 5-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары бейнебаян хаттама әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші ұйымдастырушы-педагог
8	«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	-Қазақ тілін қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	Ашық тәрбие сағаттары 10-11 сыныптар	Мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Тіл мамандары
9	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	-Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу -Отбасының	Сыныптан тыс Ата-ана жиналысы 5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ата-аналар жиналысының	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші,

		ортасының абыройын асыру; - Өзің, отбасының , сыныптың , қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.		хаттамасы	Мектеп әкімшілігі педагог-психолог
10	Мектеп оқушылары арасында «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар	Қазақ тілін қолдану аясын кеңейту	Тәрбие сағаттары 5-11 сыныптар	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекші
11	«Адал азамат-әділетті Қазақстан» (<i>Еңбегі адал жас өрен</i> » жобасы)	қоғам игілі үшін қызмет ету; - Адал еңбекті құрметтеу - уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау 5-9 сыныптар	сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
12	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция	Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану -Халқына адал қызмет ету	Мектепішілік марафон 5-11 сыныптар	Марафонның жүргізілу тәртібі, анықтама, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері ҚББП

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
 - 5 қазан – Мұғалімдер күні
 - 25 қазан – Республика күні
-
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
 - Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
 - Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
 - Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Құндылықтар индикаторы	Ұйымдастыру	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына	-Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; -Халқына адал қызмет ету Өзін отбасының,	Сынып сағаты 5-11 сыныптар	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Пед. ұйымдастырушы Тіл мамандары Кітапханашы

	145 жыл	сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. -Дұрыс қарым-қатынас орната білу			
2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; сыныптар	Сынып сағаты 9-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары бейнебаян суреттер	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Пед.ұйымдастырушы Сынып жетекшілері
3	«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы) Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл	Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; -Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;	Сынып сағаты 5-8 сыныптар	Сынып сағатының жоспары суреттер, анықтама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары 5-11 сынып жетекшілер Тәлімгер Кітапхана меңгерушісі
4	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл	-Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып сағаты 5-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші Кітапханашы
5	Мектеп оқушылары арасында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау	Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Адал еңбекті	Сыныптан тыс іс-шара Әдеби- сазды кеш	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ кеш сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Пед. ұйымдастырушы

		құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету	9-11 сыныптар		Сынып жетекші, Тіл мамандары
6	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	-Академиялық адалдық қағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; -Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Сыни және креативті ойлау;	Сынып сағаты 5-8 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Тәлімгер Сынып жетекші
7	Ғылыми жоба жұмыстары мазмұны туралы ақпараттық-танымдық сабақтар ұйымдастыру (жалпы тақырыбын анықтау, мазмұны, жазылу стилі туралы)	-Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау -Білуге, жаңаны тануға құштар болу; -Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну	Сыныптан тыс іс-шара, 9-11 сыныптар Ата-аналар жиналысы	Жоғары оқу орындарының ғалымдарымен кездесу. Хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші
8	«Әкем айтқан нақыл сөз...»	-Адал еңбекті құрметтеу - Халқына адал қызмет ету - Білуге, жаңаны тануға құштар болу	Сыныптан тыс іс-шара , дөңгелек үстел 5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекшілер педұйымдастырушы

9	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. Дұрыс қарым-қатынас орната білу	Сынып сағаты 5-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары , бейнеролик, ашық хат	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ІТ маман Сынып жетекші
10	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	қоғам игілі үшін қызмет ету; - Адал еңбекті құрметтеу - уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	Ата-аналар жиналысы «Тектілік психологиясы» баяндама 9-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысының жоспары , баяндама хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Пед.ұйымдастырушы Сынып жетекші
11	«Өнегелі өмір» эссе («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл	Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау - Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып сағаты Эссе жазу 10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары, Анықтама Эссе қорытындысын жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тіл мамандары Сынып жетекші

12	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	-Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану -Халқына адал қызмет ету	«Ашық есік» күні Ата-аналар 5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі, хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Педұйымдастырушы Педагог психолог Сынып жетекші Мектеп медбикесі
13	«Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер өткізу	Халқына адал қызмет ету - Адал еңбекті құрметтеу Сыни және креативті ойлау -Жеке және командамен жұмыс істей білу;	Сыныптан тыс іс-шара 8-11 сыныптар	Әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекші Тәлімгер Әлеуметтік педагог

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Құндылықтар индикаторы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуына	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Қоғам игілігі үшін қызмет ету Адал еңбекті құрметтеу Физикалық белсенді болу	Сыныпсағаты 5-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары, жекелеген өнертапқыштар таныстырылымы, бейнебаяны	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Кәсіби бағдарлаушы

2	«Жақұты барға жасынтүспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Халқына адал қызмет ету Дұрыс қарым - қатынас орната білу	Сыныпсағаты 10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Кітапхана меңгерушісі Пед. ұйымдастырушы
3	«Мейірімділік керуені» форумы	Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту Дұрыс қарым-қатынас орната білу	10-11 сыныптардың ата аналармен, кәсіпкерлермен біріккен форумы	«Қоржын» қайырымдылық акциясы аясында үлес қосқан меценаттар мен демеушілерді марапаттау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Әлеуметтік педагог
4	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну Дұрыс қарым-қатынас орната білу	Сыныпсағаты 5-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Кәсіби бағдарлаушы
5	«Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Халқына адал қызмет ету Дұрыс қарым - қатынас орната білу	Тәрбиесі сағаты 5-8 сыныптар	Командалық жұмыс, Тимбилдинг	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Пед. ұйымдастырушы Педагог-психолог

6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналыұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Академиялық адалдық қағидатын қолдау Дұрыс қарым-қатынас орната білу	7-11 сыныптар, педагогтер	Тәрбие сағатының сценарийі, жекелеген оқушылардың таныстырылымы, бейнебаян	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Пед. ұйымдастырушы Тәлімгер
